

**Павлодар облысы әкімдігінің 2015 жылғы 3 шілдедегі "2015 - 2016 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" № 184/6 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Павлодар облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 2/1 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 25 қаңтарда № 4902 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2015 жылғы 3 шілдедегі "2015 - 2016 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" № 184/6 қаулысына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4635 болып тіркелді, 2015 жылғы 8 тамызда "Сарыарқа самалы", "Звезда Прииртышья" газеттерінде жарияланды) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасында:

реттік нөмірі 58-жолдағы "50" деген сандар "60" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 86-жолдағы "75" деген сандар "94" деген сандармен ауыстырылсын.

2. "Павлодар облысының білім беру басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған бекітілген мемлекеттік білім беру тапсырысын тиісті оқу орындарында орналастыруды;

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулы аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ғ.Қ. Сәдібековке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК